


SCAFFOLD: БАСПА НҰСҚАСЫ

SCAFFOLD:
«ТАПСЫРМА»
КАРТОЧКАЛАРЫ


МАҚСАТЫ



ТАПСЫРМА


Сабақтың мақсаты қандай?

«ТАПСЫРМА» КАРТОЧКАЛАРЫ



Өзіңіздің оқу сабағыңызды анықтау үшін
әрбір тапсырма карточкасының айналасына
жапсырма қағаздарын орналастырыңыз.

ТАҚЫРЫБЫ



ТАПСЫРМА

Бұл сабақ оқу жоспарының қай бөлімін
қамтиды?


ҰЗАҚТЫҒЫ



ТАПСЫРМА

Сабақ қанша уақытқа созылады?

РЕСУРСТАР



ТАПСЫРМА

Өрекетті жүзеге асыру үшін қандай ресурстар/адамдар қажет?


МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ



ТАПСЫРМА

Кімдер оқиды?
Топта қанша адам болады?


ӨТЕТІН ОРНЫ



ТАПСЫРМА

Сабақ қай жерде өтеді?


ҚАЖЕТТІЛІКТЕР



ТАПСЫРМА

Жұмыс білім алушылардың қандай қажеттіліктеріне бағытталады?
Жалпы немесе нақты қажеттіліктер ме?

ШЫНАЙЫ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫ



ТАПСЫРМА

Қандай өмірлік мәселелер қарастырылады? Шынайы
әлеммен байланыс бар ма?

SCAFFOLD:

ИКЕМДІ

ҚҰЗЫРЕТТЕР

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ

Негізделген тұжырымдар әзірлеу, инновациялық шешімдер құру немесе шаралар қабылдау үшін ақпараттарды тұжырымдамалау, талдау, синтездеу және бағалау.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Шұғыл шешім болмаған жағдайда ойлану, түсіну және күрделі міндеттерді немесе жағдайларды шешу.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



КОМАНДАДА ЖҰМЫС ІСТЕУ

Ортақ немесе бірлескен мақсаттарға жету үшін әртүрлі адамдардан құрылған топтағы жедел және тиімді жұмыс, өзара әрекет ету.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ДАҒДЫЛАРЫ

Әр түрлі аудиторияға ақпарат пен идеяларды ұтымды жеткізу. Барлық қатысушылар үшін қолайлы шешімге қол жеткізуде диалог құру және басқа тараптармен бірлесіп жұмыс істеу.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



АНАЛИТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАР

Қорытынды шығару үшін ақпарат пен деректерді неғұрлым қарапайым және басқарылатын компоненттерге бөлу.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

Құнды нәтижелер шығару үшін креативті және мақсатты идеяларды қалыптастыру.

ИКЕМДІ ҚҰЗЫРЕТТЕР




МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫ

Түрлі мәдениетаралық жағдайларда тиімді және тиісті өзара әрекет ету, тиісті қарым-қатынасты, білімді, дағдылар мен құндылықтарды жұмылдыру.

SCAFFOLD:
БАҒАЛАУ

БАҒАЛАУ ӘДІСІ



ҚҰРДАСТАРДЫҢ КЕРІ БАЙЛАНЫСЫ

Білім алушылар құрдастарына өздерінің оқытудың қай кезеңінде екендігі және алға жылжу үшін қандай қадамдар жасауға болатындығы туралы айтып береді және олардан кері байланыс алады.

- Білім алушыларға бір-бірінің жұмысы туралы жиі кері байланыс берулеріне және алуларына мүмкіндік жасаңыз.
- Сынды қабылдауға және ой-өрісін кеңейтуге, сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін сындарлы кері байланыс беруге үйретіңіз.
- Оқытуды көрнекі ету және қажетті нәтижелерді сипаттау үшін кері байланысты пайдаланыңыз.

БАҒАЛАУ ӘДІСІ




ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУ

Білім алушылар белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес өздерін бағалаулары үшін кері байланыс пен нақты деректерге талдау жасайды.

- Білім алушыларға өздерінің жетістіктері мен оқу нәтижелері туралы өз пікірлерін білдірулері үшін жиі мүмкіндік беріңіз.
- Білім алушыларға жұмысында қолданулары үшін кері байланыс әдістерін, стандарттарын және/немесе критерийлерін анықтауда қолдау көрсетіңіз.
- Білім алушыларды рефлексия дағдыларын дамытулары үшін түрлі тәсілдермен өз құзыреттіліктерін дәлелдеуге үйретіңіз.

БАҒАЛАУ ӘДІСІ




БАҒАЛАУ ДЕРЕКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Білім алушылар түрлі аудиториялардың алдында сөз сөйлеп, оларды сендіру арқылы дәлелдемелер ұсынуға және өз құзыреттілігін дәлелдеуге мүмкіндік беретін әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады.

- Білім алушыларға игерілген материалдарын түсіндіре алатындай қажетті дәлелдерді анықтауда қолдау көрсетіңіз.
- Білім алушыларға өз оқуын ұйымдастыруда еркін таңдау жасауға және икемді болуға мүмкіндігін беріңіз.
- Онлайн-құралдар мен ресурстарды (мысалы, интерактивті веб-құралдар, әлеуметтік желілер) дәлелдер қоймасы ретінде пайдаланыңыз.

БАҒАЛАУ ӘДІСІ



ШЫНАЙЫ БАҒАЛАУ

Білім алушылар мүдделі тараптардың қатысуымен нақты мәнмәтінде немесе қызмет саласында шынайы өмірге сәйкес келетін айқын, маңызды және мағыналы жағдайларда алған білімдерін қолданады.

- Бағалауды нақты сұрақтармен, мәселелермен және қосымшалармен байланыстырыңыз.
- Симуляциялық және рөлдік ойындарды қолданыңыз.
- Білім алушыларға кері байланыс алудың және өз жұмысын үнемі жетілдірудің түрлі тәсілдерін ұсыныңыз.




**БАҒАЛАУ
ӘДІСІ**

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАҒАЛАУ

Білім алушылар цифрлық бағалауға қол жеткізе алады және кері байланыс, есеп беру және/немесе портфолионы қамтитын функцияларды орындай алады.

- *Кері байланыс мүмкіндіктерін сындарлы бағалау алу үшін немесе қосымша оқытудың бағыттарын анықтайтын міндеттерді қою үшін пайдаланыңыз.*
- *Қазіргі заманғы кері байланысты пайдалана отырып, оқытуды немесе білім аруды білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеңіз.*
- *Құзыреттілікті шынайы түрде көрсетуге мүмкіндік беретін нақты өмірден мультимедиялық сценарийлер жазыңыз.*




**БАҒАЛАУ
ӘДІСІ**

БАҚЫЛАУ

Білім алушылардың жетістіктерін, қызығушылықтарын, құзыреттіліктерін, мықты тұстары мен қажеттіліктерін қадағалау үшін түрлі бақылау әдістерін қолдана отырып, олардың іс-әрекеттерін бақылау.

- *Әр түрлі әдістерді қамтитын бақылау жоспарын жасаңыз және орындаңыз.*
- *Құзыреттіліктерді талдау үшін білім алушылармен жұмыс жасауда пайдалану үшін дәлелдер жинау арқылы бақылауларыңызды құжаттаңыз.*
- *Нәтижелерді жазып, мезгіл-мезгіл бақылаулар жасаңыз.*



**БАҒАЛАУ
ӘДІСІ**


ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Сұрақтарды пайдалану білім алушыларды идеялармен алмасуға, ойлау қабілеттерін зерттеуге және жетілдіруге, құзыреттіліктерінің дамуын растауда жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал ете отырып, өзара түсіністік пен сенім орнатуға әсер етеді.

- *Процеске қатысуды және белсенді оқуды ынталандыратын ашық сұрақтар қойыңыз.*
- *Сұрақтарды олардың тереңдігі мен күрделілігін қамтамасыз ететін реттілікпен қойыңыз.*
- *Білім алушыларды өздеріне және басқаларға үнемі сыни және күрделі сұрақтар қоюға үйретіңіз.*

SCAFFOLD:
ӘДІСТЕР

ОҚЫТУ
ӘДІСІ




ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ

Білім алушылар өздерінің білімдері мен дағдыларын нақты өмірдегі қиындықтар мен оларға қатысты мәселелерге негізделген жобалар арқылы дамытады, бұл оқуға басты назар аударады және білім алушылардың дербестігін ынталандырады.

1. Білім алушылар нақты проблеманы, сұрақты немесе тапсырманы анықтайды және тұжырымдайды.
2. Білім алушылар ұзақ мерзімді зерттеу жүргізу үшін тапсырмалар тізбегін анықтайды және құрастырады.
3. Олар идеяларды ойластырады және бағалайды.
4. Олар өз жұмыстарын сынау, нақтылау және таныстыру үшін өнім жасайды.
5. Олар рефлексия жасайды және оқу нәтижелерін қорытындылайды.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ



ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ

Білім алушылар оқуды өздерінің жеке қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, тәжірибелері мен амбицияларына сәйкес, мақсатты және мағыналы ету үшін өз тәжірибелерімен белсенді түрде бөліседі.

1. Білім алушылар оқу тақырыптарын немесе проблемаларды анықтайды.
2. Олар таңдаулы оқыту және бағалау әдістерін анықтайды.
3. Олар құзыреттерді дамытудың жеке мақсаттарын анықтайды.
4. Олар нақты тапсырмаларды орындау кезінде құзыреттерді таңдау, қолдану және бағалау тәсілдерін анықтайды.
5. Оларға құзыреттерді әртүрлі мақсаттармен және мәнмәтіндермен байланыстыруда қолдау көрсетіледі.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ




ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ПЕДАГОГИКА

Білім алушылар өз тобына, сыныбына немесе мектебіне кірмейтін кем дегенде бір мүдделі тарап үшін құнды нәрсе жасауда өз құзыреттерін (болатын немесе бұрыннан бар) қолдана отырып үйренеді. Білім алушылардың біреуге жасаған құндылығы экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени болуы мүмкін.

1. Білім алушылар өздерінің оқуының кімге пайда әкелетінін талдайды.
2. Олар басқалар үшін құнды деректер жасау мүмкіндіктерін ашады.
3. Олар құндылықты қалай пайда болатынын шешеді және әрекет етеді.
4. Олар өз жұмыстарын жетілдіру үшін болжамды бенефициарлардың кері байланысын пайдаланады.
5. Олар өздерінің оқу тәжірибелерін талдайды.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА ОҚЫТУ

Білім алушылар жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуде бір-бірін ынталандыру және қолдау көрсету мақсатында әртүрлі көзқарастарды, қажеттіліктерді және артықшылықтарды ескере отырып, бір-бірінен білім алады.

1. Білім алушылар топпен жұмыс жасайды.
2. Олар жеке және топтық мақсаттарды анықтайды/алады.
3. Бірлесіп жұмыс жасай отырып, шешім шығарады.
4. Олар табыс критерийлері мен күтілетін жалпы нәтижені анықтауға үлес қосады.
5. Олар бірін-бірі оқытады.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ




ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Білім алушыларды оқу кезінде ішкі мотивация мен ағымдағы жағдайын ынталандыру үшін шығармашылықпен айналысуға, зерттеуге, белсенді болуға және оқуға түсуге шақырады.

1. Білім алушылар жіберген қателіктерінен сабақ алу үшін қауіпсіз кеңістікте қолдау алады.
2. Олар оқуға бағытталған ойын әрекеттеріне қатысады.
3. Олар оқу қызметінің мақсатын түсінеді.
4. Олар оқу процесіне эмоционалды түрде қатысады.
5. Олар тұрақты болашақты елестетеді және проблемаларды жаңа жолмен тұжырымдайды.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ



ОҚЫТУДЫҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ӘДІСІ

Білім алушылар эксперимент нәтижесінде заттарға, материалдарға және құбылыстарға жасалған сынақтар мен қателіктер әдісі негізінде алынған практикалық тәжірибе арқылы білім алады және олар бақылау жасай, тәжірибе жүргізе және шешімдерді сынай алады.

1. Білім алушылар қолда бар ресурстарды пайдаланып тәжірибе жасайды.
2. Олар жасау арқылы үйренеді.
3. Олар қателіктер мен сәтсіздіктерден үйренеді.
4. Олар өздерінің зертханалық тәжірибелерін құжатқа жазып отырады.
5. Олар өздерінің оқу тәжірибелерін талдайды.

ОҚЫТУ
ӘДІСІ



ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ


Білім алушылар жергілікті қоғамдастықтың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз идеяларын әрекетке айналдырады.

1. Білім алушылар өз қауымдастықтарымен өзара әрекет етеді және қажеттіліктерді анықтайды.
2. Олар қоғам үшін құндылық құру мүмкіндіктерін зерттейді.
3. Олар қоғамдастық үшін құндылық жасауда шаралар қолданады.
4. Олар бенефициарлардың пікірлерін талдайды.
5. Олар алған білімдерін көрнекі түрде көрсетеді және қол жеткізген прогресті ынталандырады.

SCAFFOLD:
«ЖОСПАРЛАУ»
КАРТОЧКАЛАРЫ

ҚҰЫРЕТТІЛІК ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАҢЫЗ

2



ЖОСПАРЛАУ

Білім алушылардың дайындық деңгейі қандай?
«Бағалау» карточкаларынан бастапқы деңгейлерін
анықтайтын бағалау әдісін таңдаңыз.


«ЖОСПАРЛАУ» КАРТОЧКАЛАРЫ



«Жоспарлау» карточкаларын қатарға тізіп
орналастырыңыз және оларды оқу сабақтарын
жоспарлау үшін пайдаланыңыз.

ОҚЫТУ ӘДІСІН ТАҢДАҢЫЗ

3




ЖОСПАРЛАУ

Қалай оқытасыз? «Әдістер» карточкаларынан
бір немесе бірнеше карточкаларды таңдаңыз.

ҚҰЫРЕТТЕРДІ ТАҢДАҢЫЗ

1




ЖОСПАРЛАУ

Білім алушылар қандай құзыреттермен жұмыс
істейді? «Құзыреттер» карточкаларынан таңдап,
оларды осында орналастырыңыз.

НӘТИЖЕЛЕР/НАҚТЫ МАТЕРИАЛДАР

4




ЖОСПАРЛАУ

Білім алушыларыңыздың неге қол жеткізгенін/
жасағанын/ дайындағандарын қалайсыз? Соңғы
нәтиже қандай болатынын анықтаңыз.

РЕСУРСТАРДЫ ЖИНАУ

6




ЖОСПАРЛАУ

Сізде қажетті құралдардың барлығы бар
ма? Қажетті ресурстарды дайындаңыз
және тиісті адамдарды тартыңыз.

ХРОНОЛОГИЯ

7




ЖОСПАРЛАУ

Сабақ қалай өтеді? Оқу сабағыңыздың жоспары мен
хронологиясын жазыңыз

БАҒАЛАУ ӘДІСІН ТАҢДАҢЫЗ

5



ЖОСПАРЛАУ

Білім алушылардың үлгерімін қалай бағалайсыз?
«Бағалау» карточкаларының бірін таңдаңыз.

SCAFFOLD:

ЦИФРЛЫҚ

ҚҰЗЫРЕТТЕР

АҚПАРАТ ПЕН САНДЫҚ МАЗМҰНДЫ ІЗДЕУ d.1



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.1 g.5



Ақпараттық қажеттіліктерді анықтау үшін жеке стратегияларды әзірлеу, ақпаратты іздеу және сандық ортада іздеу.

Тақырып бойынша интернеттен ақпаратты іздеңіз.

САНДЫҚ МАЗМҰНДЫ БАҒАЛАУ d.2



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
g.5



Деректер көздері мен мазмұнды сыни бағалау.

Жалған жаңалықтарды анықтау және тексеру үшін ақпарат көзін анықтаңыз.

САНДЫҚ МАЗМҰНДЫ БАСҚАРУ d.3




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.12



Сандық ортада деректерді, ақпаратты және мазмұнды ұйымдастыру, сақтау және алу.

Сандық файлдарды логикалық құрылымға реттеңіз.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ d.4



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.14 g.11 l.5 l.6



Түрлі цифрлық технологияларды қолдану және нақты бір мәнмәтінге сәйкес келетін сандық байланыс құралдарын түсіну.

Мақсат пен мәтінмен сәйкес келетін сандық құралдарды таңдап, пайдаланыңыз.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР d.5 АРҚЫЛЫ АҚПАРАТ АЛМАСУ



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.14



Деректерді, ақпаратты және сандық
мазмұнды бөлісу. Сілтемелер беру және
авторлықты көрсету.

*Авторлық құқығыңызды көрсете
отырып, өзекті мазмұнмен бөлісіңіз.*

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР d.6 АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРГЕ ТАРТУ




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
g.10 g.11 g.12



Өз мүмкіндіктеріңізді кеңейту және
қоғам өміріне азамат ретінде қатысу
үшін мемлекеттік және жеке цифрлық
сервистерді пайдалану.

*Қауымдастық өміріне
жауапкершілікпен үлес қосу және
құрметпен қатысу үшін цифрлық
технологияны пайдаланыңыз.*

САНДЫҚ ФОРМАТТАҒЫ d.7 ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.8 e.14 g.11 l.6



Сандық құралдар мен
технологияларды бірлесіп пайдалану
арқылы ресурстарды құру және білімді
жетілдіру.

*Сандық құралдарды пайдаланып
жобада бірлесіп жұмыс жасаңыз.*

ЖЕЛІЛІК ЭТИКЕТ d.8



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
l.1 l.5 l.6



Жеке байланыс стратегияларын нақты
аудиторияға бейімдеу және сандық
ортадағы әртүрлілікті ескеру.

*Желідегі адамдарға құрметпен және
ілтипатпен қараңыз*

САНДЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ БАСҚАРУ

d.9



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
I.1 I.3

Цифрлық идентификаторлар мен саусақ
іздерін қалыптастыру және басқару

*Құпиялылық пен беделді қорғау үшін
сандық профильдеріңізді зерттеңіз.*

САНДЫҚ МАЗМҰНДЫ ҚҰРАСТЫРУ

d.10



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.2



Өртүрлі форматтағы сандық мазмұнды
өзірлеу және түзету, сандық құралдар
арқылы жеткізу

*Тапсырманы орындау немесе өз
ойыңызды білдіру үшін цифрлық
өнімді жасаңыз.*

САНДЫҚ МАЗМҰНДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ

d.11



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.1 e.2




Ақпаратты/суреттерді/деректерді бар
цифрлық файлға модификациялау және
интеграциялау арқылы жаңа, өзекті
контент өзірлеу.

*Басқа адамдардың мазмұнын жаңарту
немесе жақсарту үшін жұмыс
жасаңыз.*

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯ

d.12




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.4

Деректерге, ақпаратқа және цифрлық
мазмұнға авторлық құқық пен
лицензиялардың қалай қолданылатынын
түсіну.

*Сыртқы мазмұнды пайдалануға
рұқсат алу қажеттілігін тексеріп,
жұмысыңызға сәйкес рұқсатты
қолданыңыз.*

d.13

БАҒДАРЛАМАЛАУ


Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.2 g.6 g.9



Берілген мәселені шешу немесе белгілі бір тапсырманы орындау үшін есептеу жүйесіне арналған нұсқаулар әзірлеу.

Тапсырманы орындау немесе өз ойыңызды білдіру үшін бағдарлама жасаңыз.

d.14

ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ

Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.12 l.8




Құрылғылар мен сандық мазмұнды қорғау, тәуекелдер мен қауіпсіздік шараларын түсіну, тиісті сақтық шараларын қолдану.

Сандық құрылғылар мен мазмұнды қорғау үшін қауіпсіздік шараларын қолданыңыз.

**ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ
ҚОРҒАУ**

d.15



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
l.3 l.8




Сандық ортадағы дербес деректер мен құпиялылықты қорғау, цифрлық қызметтер дербес деректердің қалай пайдаланылатынын хабарлау мақсатында "Құпиялылық саясат"-ты пайдаланатынын түсіну.

Жеке деректерге қатысты құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді анықтаңыз.

**ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН
ӘЛ-АУҚАТТЫ ҚОРҒАУ**

d.16



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
g.3 l.3 l.8




Цифрлық технологияны қолдану кезінде физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатқа қауіп төндірмеу.

Өзіңіздің физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатыңызды қолдау үшін цифрлық технологияларды пайдалану бойынша нұсқаулықтар әзірлеңіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

d.17



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
g.3




Сандық құрылғылар мен технологиялардың және оларды пайдаланудың қоршаған ортаға әсерін түсіну.

Сандық технологияның қоршаған ортаға әсерін анықтаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУ

d.18



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
g.6



Құрылғылар мен сандық ортадағы техникалық мәселелерді анықтау және оларды шешу.

Жалпы техникалық мәселелерді анықтаңыз және оларды шешуге арналған нұсқаулық әзірлеңіз.

ҚАЖЕТТІЛІКТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ АНЫҚТАУ

d.19



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.1 e.2 g.6 g.9



Анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін сандық құралдар мен орталарды қолдану және орнату.

Қажеттілікті анықтаңыз және оны шешудің сандық құралын табыңыз немесе ұсыныңыз.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КРЕАТИВТІ ҚОЛДАНУ

d.20



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.1 e.2 g.6 g.9




Білім мен инновациялық процестерді және өнімдерді қалыптастыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану. Сандық ортадағы мәселелерді түсіну және шешу.

Өз идеяларыңызды білдіру немесе құндылықтарды құру үшін сандық технологияны қолданыңыз.

**ЦИФРЛЫҚ
ҚҰЗЫРЕТТЕРДЕГІ
ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ**

d.21



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
е.6 е.15 І.9**


Өз цифрлық құзыреттілігін түсіну және жетілдіру. Басқаларға цифрлық құзыреттерін дамытуға көмектесу.

Цифрлық құзыреттеріңізді бағалаңыз және оны жақсарту мүмкіндіктерінің тізімін жасаңыз.

SCAFFOLD:
КӘСІПКЕРЛІК
ҚҰЗЫРЕТТЕР

МҮМКІНДІКТЕРДІ АНЫҚТАУ

е.1



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.1 d.11 d.19
d.20 g.4 g.5 g.6 g.10 l.8



Қажеттіліктер мен проблемаларды анықтау және құндылық құру мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайды талдау.

Елді мекеніңізде шешілуі тиіс экологиялық мәселені анықтаңыз және сипаттаңыз.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

е.2



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.10 d.11 d.13 d.19 d.20 g.4 g.5
g.6 g.9




Құнды нәтижелер құру үшін шығармашылық және мақсатты идеяларды дамыту.

Қарындашты қолданудың 50 әдісін табыңыз.

БОЛЖАУ

е.3



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
l.2 g.7 g.9 g.10



Күш-жігерді бағыттау және идеяларды шындыққа айналдыру үшін болашақты елестету

Болашағыңыздың 20 жылға арналған көзқарас тақтасын жасаңыз.

ИДЕЯЛАРДЫ БАҒАЛАУ

е.4



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.12 g.5




Идеялардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық құндылығын тану және оларды тарату және/немесе қорғау жолдарын қарастыру.

Идеяңыздың немесе жобаңыздың SWOT талдауын жасаңыз.

ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ОЙЛАУ

e.5



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
g.1 g.2 g.3 g.4
l.3




Этикалық мінез-құлық және тұрақты ойлау - сіздің әрекеттеріңіздің салдарын бағалауға және олар үшін өзіңізді жауапты деп санауға мүмкіндік береді.

Демалысыңызды өткізудің үш түрлі әдісін салыстырыңыз және олардың тұрақтылығын бағалаңыз.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК ТИІМДІЛІК

e.6



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.21 g.12 l.1 l.7

Өзіне деген сенімділікті нығайту және өзінің қажеттіліктеріне, қызығушылықтары мен ұмтылыстарына сәйкес болашағын қалыптастыру үшін өзінің жеке және топтық күшті және әлсіз жақтарын анықтау.

Дағдыларыңызды бағалаңыз, қысқа, орта және ұзақ мерзімді мақсаттарға жету жоспарын жасаңыз.

МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ ТАБАНДЫЛЫҚ

e.7




**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
l.1 l.7

Табандылық, мақсаттылық, зейін мен адалдықты сақтау, қиындықтар мен уақытша сәтсіздіктерге қарамастан берілмеу.

Өзін-өзі ынталандырудың түрлі стратегияларының тізімін әзірлеңіз және басқалардың қиындықтарды жеңуін ынталандырыңыз.

РЕСУРСТАРДЫ ЖҰМЫЛДЫРУ

e.8




**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.7

Қолдау алу, материалдық және материалдық емес ресурстарды қолдау және басқару, уақытты барынша тиімді пайдалану.

Жобаны орындау үшін қажетті ресурстардың тізімін жасаңыз және рөлдерді бөліңіз.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ**

е.9



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
g.1 g.2 g.3 l.3

Бюджетті анықтау, қаржыландыруды іздеу және тұрақты құндылық құру үшін экономикалық және қаржылық тұжырымдамаларды түсіну.

Танымал компанияның бизнес-моделіне талдау жасаңыз.

**БАСҚА АДАМДАРДЫ
ЖҰМЫЛДЫРУ**

е.10



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
l.5 g.11 g.10




Өртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті қолдау және тиімді байланыс алу үшін мүдделі тараптарды ынталандыру және сендіру.

Жаңа бизнес-идеяның презентациясын дайындаңыз.

БАСТАМАШЫЛЫҚ ТАНЫТУ

е.11



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
g.10 g.11 g.12




Өз бетімен жұмыс істеу және мақсаттарға жету бойынша іс-әрекеттер, жоспарланған жоспарларды іске асыру және жоспарланған міндеттерді орындау.

Ортақ мақсаттарға жетудің алғашқы қадамдарын анықтаңыз және басқа адамдарға көмектесіңіз.

**ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ
БАСҚАРУ**

е.12



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.3 d.14 g.7 g.8
l.2




Мақсаттарға жету және күтпеген жағдайларға бейімделу үшін іс-әрекеттің басымдықтары мен жоспарларын анықтау.

Мәселені шешудің ең нашар сценарийін елестетіп көріңіз және оны шешудің оңтайлы жолдарын табыңыз.

**БЕЛГІСІЗ, ТҮСІНІКСІЗ
ЗАТТАРМЕН ЖӘНЕ
ТӘУЕКЕЛМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ**

е.13




**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
g.8 I.2

Қабылданған шешімдерге байланысты тәуекелдерді есептеу және басқару, нәтижеге байланысты жоспарларды өзгертуге дайын болу.

Алға қойған міндеттерді орындау үшін икемді тәсілді қолданыңыз.

**БАСҚА АДАМДАРМЕН
ЖҰМЫС**

е.14



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.4 d.5 d.7 g.11
I.4 I.6



Идеялар талдамасы және оларды шындыққа айналдыру үшін басқалармен бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс істеу.

Миға шабуыл жасау арқылы идеяларды іске асыру және жобаны жүзеге асырудың рөлдерін анықтаңыз.

**ТӘЖІРИБЕ АРҚЫЛЫ
БІЛІМ АЛУ**

е.15



**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
I.7 I.8 I.9 d.21



Әріптестер және тәлімгерлермен бірлескен оқу, жетістік пен сәтсіздік рефлексиясы, жинақталған тәжірибені бағалау.

Қандай да бір тәжірибе жасау үшін жүргізілген іс-шараларға талдау жасаңыз және жақсарту аймақтарын анықтаңыз


SCAFFOLD:

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ

g.1



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.5 e.9 I.1 I.3 I.4




Жеке құндылықтар рефлексиясы, олардың адамдар арасындағы және уақыт бойынша айырмашылықтары, сондай-ақ олардың тұрақтылық құндылықтарына сәйкестігі.

Қоғам мен планета бір адамның мүдделерінен жоғары тұрады деген тұрақты ойлауды өзімшіл адам бағалай ала ма, талқылаңыз.

ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚОЛДАУ

g.2



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.5 e.9 I.4



Қазіргі және болашақ ұрпақ үшін теңдік пен әділеттілікті қолдау және өткеннен сабақ алу.

Экологиялық әділетсіздік жайлы мысалдар табыңыз (мысалы, орманды егістік алқаптарына айналдыру) және оны өзгерту жолдарын талқылаңыз.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ

g.3




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.16 d.17 e.5 e.9
I.3 I.4

Салауатты және тұрақты экожүйелерді қалпына келтіру үшін басқа түрлердің және табиғаттың қажеттіліктері мен құқықтарына құрметпен қарау.

Қарқынды мал шаруашылығы туралы бейнероликті қараңыз және жануарлардың жағдайы мәселесін талқылаңыз.

ЖҮЙЕЛІ ОЙЛАУ

g.4



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.1 e.2 e.5 I.8




Элементтердің жүйелерде қалай әрекеттесетінін түсіну үшін мәтінмәнді ескере отырып, тұрақты даму мәселесіне ықпал ету.

Қоймаңыздан азық-түлікті таңдаңыз және оның шығу тегін, фермерлердің еңбек жағдайларын климаттық өзгерістердің ықтимал әсерін, қаптамасын, жарамдылық мерзімін, тағамдық құндылығын... ескере отырып, өмірлік циклін қадағалаңыз.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ

g.5



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
I.8 d.1 d.2 e.1
e.2 e.4



Қоршаған ортаны қорғау саласында негізделген қорытындылар мен инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін ақпаратты бағалау.

Қоршаған орта саласындағы даулы мәселелердің шешімдерін талқылаңыз.

МӘСЕЛЕ ТУДЫРУ

g.6



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.13 d.18 d.19
d.20 e.1 e.2 I.8




Қиындықты, қатысушыларды, уақыт шеңберін және географиялық ауқымды ескере отырып, сын-қатерді тұрақты даму мәселелері ретінде ұсыну және сәйкес тәсілдерді анықтау.

Күнделікті міндеттерді шешу үшін пайдаланушылардың баламалы және экологиялық негізделген қозғалыс маршруттарын жасаңыз (мысалы, мектепке баратын жол).

БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ САУАТТЫЛЫҒЫ

g.7



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.3 e.12




Тұрақты болашақтың балама нұсқаларын елестету және оларға жету қадамдарын анықтау.

Жердің алыс болашағындағы әлем моделін жасаңыз.

БЕЙІМДЕЛУ

g.8




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.12 e.13 I.2

Күрделі жағдайларда өтпелі кезеңдерді басқару үшін тәуекел мен даулы жағдайларды қарастыру.

Ең нашар экологиялық сценарий мен оның өмірге әсерін сипаттаңыз.

g.9

ЗЕРТТЕУШІЛІК ОЙЛАУ


**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.13 d.19 d.20
e.2 e.3



Әр түрлі пәндерді зерттеу және біріктіру, шығармашылық тәсілді қолдану және жаңа идеялармен немесе әдістермен тәжірибе жасау.

Бір экологиялық мәселенің үш түрлі шешімін қарастырыңыз.

g.10


САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІК

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.6 e.1 e.3 e.10
e.11 l.1

Тұрақсыз мінез-құлық үшін саяси жауапкершілік пен есеп беруді анықтау және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін тиімді саясатты талап ету.

Қалаңыздағы қалдықтарды қайта өңдеуге кім жауапты екенін және олармен қалай байланысуға болатынын анықтаңыз.

g.11

ҰЖЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕР


**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.4 d.6 d.7 e.10
e.11 e.14 l.6



Басқалармен ынтымақтастықта өзгерістерді талап ету және оған қол жеткізу.

Көпшілік алдында ұтымды шаралар қабылдау туралы өтінішпен өтінішпен сөз сөйлеуге бірлесе дайындаңыз.

g.12

ЖЕКЕ БАСТАМА

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.6 e.6 e.11 l.1



Тұрақты дамудың өзіндік әлеуетін анықтау және қоғам мен планетаны жақсартуға белсенді үлес қосу.

Қоғамдастығыңыздың өмірін жақсартуға бағытталған күнделікті практикалық әрекеттерді қарастырыңыз және жазып алыңыз.

SCAFFOLD:

ЖЕКЕ, ӘЛЕУМЕТТІК
ҚҰЗЫРЕТТЕР ЖӘНЕ
«ОҚУҒА ИКЕМДІЛІК»
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

I.1

ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.8 d.9 e.6 e.7
g.1 g.10 g.12

Зейінді дамыту және эмоцияларды,
ойлар мен мінез-құлықты басқару.

*Эмоцияларыңызды анықтаңыз
және мінез-құлқыңызды басқару
стратегияларын жасаңыз.*

I.2


ИКЕМДІЛІК

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
e.3 e.12 e.13 g.8

Өтпелі кезеңдерді және белгісіздікті
басқару, қиындықтарға қарсы тұру.

*Іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін үйреніңіз
және көзқарасыңызды бейімдеңіз.*

I.3

ӘЛ-АУҚАТ

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
d.9 d.15 d.16 e.5
e.9 g.1 g.3

Өмірден қанағат алуға ұмтылу,
физикалық, психикалық және әлеуметтік
денсаулыққа қамқорлық жасау, салауатты
өмір салтын ұстану.

*Өзіңіздің физикалық, әлеуметтік және
психологиялық әл-ауқатыңызға күтім
жасау бойынша ұсыныстар әзірлеңіз.*

I.4

ЭМПАТИЯ

**Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы**
e.14 g.1 g.2 g.3

Басқа адамның эмоциясын, күйзелісі
мен құндылықтарын түсіну және оларға
тиісінше жауап беру.

*Бейтаныс адаммен сөйлесіп, үш фактіні
анықтаңыз (мысалы, мақтан тұтатын
мұғалімі; шектеулер қойылмаған
жағдайда ол не істер еді).*

БАЙЛАНЫС

I.5



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.4 d.8 e.10




Мәтінмен мен мазмұнға байланысты
белгілі бір салаға тән байланыс
стратегияларын, кодтарды және
құралдарды пайдалану.

*Сторителлингпен айналысыңыз
немесе әңгімелеу дағдыларын үйреніңіз.*

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

I.6



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.4 d.7 d.8 e.14
g.11




Басқаларға сыйластық танытып,
топтық қызметке және командалық
жұмысқа қатысу.

*Барлық қатысушылардың
қосқан үлесін ынтыландыратын
командалық жұмыстың мақсаттары
мен ережелерін белгілеңіз.*

ОЙ-ӨРІС КЕҢДІГІ

I.7



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
e.6 e.7 e.15




Үздіксіз білім алу және даму үшін өз
әлеуеті мен басқа адамдардың әлеуетіне
сенімділік таныту.

*Қателіктеріңізді өршу мүмкіндігі
ретінде бағалаңыз.*

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ

I.8




Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.14 d.15 d.16
e.1 e.15 g.4
g.5 g.6



Негізделген қорытындылар мен
инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін
ақпаратты бағалаңыз.

*Даулы мәселелердің шешімдерін
талқылаңыз.*

ОҚУДЫ БАСҚАРУ



Басқа құзыреттермен
ықпалдастығы
d.21 e.15



Жеке білім алуды жоспарлау,
ұйымдастыру, бақылау және талдау.

*Жетістіктеріңізді көрсету үшін оқу
күнделігін жүргізіңіз.*